

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі

"Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясы" РММ



РГУ «Казахская национальная
консерватория имени Курмангазы»

Министерство культуры и
информации Республики Казахстан

05 желтоқсан 2024 ж.

күні

Алматы қ.

№ П-05-24

г. Алматы

Бекітемін
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі
«Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясы» РММ
Оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар
жөніндегі проректор

05 - Г. Әбдірахман
«05» желтоқсан 2024 ж.



«Қазіргі заманғы кәсіби музыкалық білім беру жағдайындағы
концертмейстердің құзіреттері» атты педагогтардың
біліктілігін арттыру курсының
БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрастырушылар:			
«Ансамбль өнері» кафедрасы		Доцент Баяхунова Н.Я. Доцент Мухамеджанова С.В. Доцент Унгарова Ш.Ш. Оқытушы Максимчев Т.В.	05.12.2024 ж.
Келісілді:			
«Ансамбль өнері» кафедрасының меңгерушісі		Медеубаева С.М.	05.12.2024 ж.
БЖЖҚББ бөлімінің бастығы		Баймуканова А.Н.	05.12.2024 ж.
Қызметі	Қолы	ТАӨ	Күні

**«Қазіргі заманғы кәсіби музыкалық білім беру жағдайындағы
концертмейстер кұзіреттері»**

1. Жалпы ережелер

«Қазіргі заманғы кәсіби музыкалық білім беру жағдайындағы концертмейстер кұзіреттері» атты біліктілікті арттыру курсы бағдарламасы (әрі қарай – Бағдарлама) педагогтардың біліктілігін арттыруға бағытталған, бұл арнайы музыкалық және кәсіби техникалық білім беру ұйымдарына (музыкалық мектептер мен колледждер, мамандандырылған музыкалық мектептер) «Концертмейстерлік класс» мамандығы бойынша педагогтар (әрі қарай – Тыңдаушылар) даярлауды көздейді.

Бағдарлама келесі негізгі ережелер мен талаптарды ескере отырып әзірленген:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жылғы 30 тамыздағы республикалық референдумда қабылданған;
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III;
- Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы, 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ЗРК;
- Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі, 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII ЗРК;
- Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы, 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ЗРК;
- Қазақстан Республикасының 2023 - 2029 жылдарға арналған «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін дамыту тұжырымдамасы», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысымен бекітілген;
- Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі даму ұлттық жоспары, Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген;
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ЗРК (2023 жылғы 19 сәуірдегі өзгерістер мен толықтырулармен);
- Қазақ ұлттық консерваториясының жарғысы, 2021 жылғы 5 тамыз;
- Педагог кадрларды біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу ережелері, ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы;
- Педагогтарды біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту ережелері, ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығы.

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	2 БЕТ

XXI ғасырда пианист-концертмейстер өнері музыкалық әлем мен орындаушылардың қажеттіліктеріндегі өзгерістерді көрсетіп, жаңа қырларын иеленіп, өзектілікке ие болды. Концертмейстерлер тек солистерді сүйемелдеумен ғана емес, ансамбльдік дыбыс құруда және шығармалар түсіндірмелерін дамытуда маңызды рөл атқарады. Технологияның жылдам дамуы мен музыкалық жанрлардың көптігіне байланысты пианист-концертмейстерлер тек жоғары орындау техникасына ие болып қана қоймай, әртүрлі стильдерді терең түсіну және жаңа орындау түрлеріне бейімделу қабілетіне де ие болуы қажет. Олардың қызметі шығармашылық көзқарасты, әртістермен ынтымақтастықты және үздіксіз оқуға дайын болуды талап етеді, бұл концертмейстер мамандығын қазіргі музыкалық өнердегі ең өзекті және сұранысқа ие мамандықтардың біріне айналдыруда.

«Қазіргі заманғы кәсіби музыкалық білім беру жағдайындағы концертмейстердің құзіреттері» атты курстың **өзектілігі** музыкалық тәжірибе мен педагогикадағы өзгерістерді көрсететін бірнеше маңызды факторлармен байланысты.

Біріншіден, концертмейстердің музыкалық ансамбльде және білім беруде саласындағы рөлі күн өткен сайын маңызды бола түсуде. Қазіргі заманғы музыкалық бағдарламалар концертмейстерлерден тек тамаша орындаушылық шеберлікті ғана емес, сонымен қатар педагогикалық әдістерді терең түсінуді талап етеді, бұл білім алушылар мен солистермен тиімді өзара әрекеттесуді қамтамасыз етеді, олардың музыкалық дағдыларын және артистизмін қалыптастыруға ықпал етеді.

Екіншіден, музыкалық жанрлар мен стильдердің динамикалық дамуы, сондай-ақ көпсалалы жобалардың белсенді енгізілуі концертмейстерлерден кең ауқымды кәсіби құзыреттілікті талап етеді. Бұл тек түрлі аспаптарды білу және пианино партияларын бейімдей білу ғана емес, сонымен қатар шығармашылық интерпретация жасау қабілетін де қамтидысол себепті жалпы орындаудың көркемдік тұтастығына әсер етеді.

Үшіншіден, музыкалық білім беру тәсілдеріне деген көзқарастың өзгеруі, жеке және топтық оқытуды баса көрсету концертмейстер құзыреттіліктерін тұрақты жаңарту мен дамыту қажеттілігін талап етеді. Ұжымдық жұмыс істей білу, дамыған коммуникациялық дағдылар мен музыкалық материалды сыни тұрғыдан талдай алу қабілеті сияқты қасиеттер қазіргі білім беру процесінде күн өткен сайын өзекті бола түсуде.

Осылайша, пианист-концертмейстердің құзыреттіліктерін қазіргі музыкалық білім беру аясында зерттеу тек оны растау емес, XXI ғасырдың музыкалық индустриясы мен білім беру практикасының талаптарына сай мамандарды даярлау сапасын арттыру үшін қажет.

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	3 БЕТ

Заманауи білім беру қажеттіліктеріне анағұрлым дұрыс сәйкес келуге мүмкіндік тудыру үшін беру тәсілдерін жаңарту және қазіргі әдістерді енгізу маңызды, беруге мүмкіндік береді. Бұл оқытушылардың кәсіби дамуына жағдай жасау, олардың шығармашылығы мен жеке сараптамаларына қолдау көрсету, динамикалық білім беру ортасын қалыптастырудың кілті болады. Жұмсалатын күш жігер білім беру тиімділігін арттыруға ғана емес, сондай-ақ оқытушыларды жылдам өзгеріп жатқан әлем талаптарына дайын болуға мүмкіндік береді.

Бағдарлама бойынша оқытудың ерекшелігі модульдік принцип болып табылады. Әр модуль тыңдаушының практикалық сабақтар, әдістемелік баяндамалар, ашық сабақтар арқылы оқу нәтижелерін нақты көрсетулерімен жүзеге асады. Бағдарлама аясында нақты дәлелдермен білім беру өнімдерін жасау оқу прогресі мен нәтижелерін айқын көрсетуге мүмкіндік береді, бұл тәжірибе алмасуды және әріптестер арасында жақсы түсіністік орнатуды жеңілдетеді.

Бағдарламаның негізгі бағыты – қосымша музыкалық және кәсіби техникалық білім беру ұйымдарының педагогтарының біліктілігін арттыру, жалпы көлемі 80 сағатты құрайды.

Бағдарлама бойынша оқыту мен білім беру процесін жүзеге асыратындар:

- Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «Ансамбль өнері» кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамы;
- бағдарлама әзірлеушілері (авторлары);

Кафедраның тәжірибелі оқытушылары бөлісетін білімдер тыңдаушыларға олардың кәсіби педагогикалық және концерттік-орындаушылық дайындық деңгейін арттыруға көмектеседі.

2. ГЛОССАРИЙ

Бағдарламада 1 кестеде келтірілген ұғымдар мен терминдер қолданылады.

1 кесте

Бағдарламада қолданылатын ұғымдар мен тақырыптар	Ұғымдар мен терминдердің анықтамасы
Күзиреттер	адамға берілген тапсырмаларды тиянақты орындауға мүмкіндік беретін білім жиынтығы, дағдылар, қабілет пен жеке қасиеттер
Жеке тұлғаға бағытталған оқу моделі	Білім алушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, жеке тұлғаны дамытуға бағытталған оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың арнайы әдістемесі
Концертмейстерлік	Концертмейстер кәсіби мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылатын арнайы білімдер мен дағдылар
БА БАҒДАРЛАМАСЫ	
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС	
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	
4 БЕТ	

шеберлік	жүйесі
Музыкалық стиль	музыкалық өнерде белгілі бір музыканттың – композитордың, орындаушының немесе бағыттың, мектептің бейнелі жүйесіне тән өрнектің құралдары мен әдістерінің жиынтығы
Музыкалық форма	музыкалық шығарманың құрылымы, тұтастық бөліктерінің өзара логикалық байланыста көрініс табуы және өзара әрекеттестігі, сондай-ақ олардың құрылымы
Шығарма мазмұны	шығарма негізіне алынған идеялар мен принциптер
Фортепианолық техника	рояльда ойнау үшін қажетті дағдылар, шеберліктер мен тәсілдер жиынтығы, олардың көмегімен пианист қажетті көркемдік және дыбыстық нәтижеге қол жеткізеді
Репертуар	белгілі бір орындаушы мен шығармашылық ұжымның концерттерде орындауға арналған музыкалық шығармалар (концерттік репертуар) жиынтығы немесе оқытуға (оқу-педагогикалық репертуар) арналған жиынтық
Орындаушылық	музыканттардың, әншілердің, орындаушылардың қызметі
Инновациялар	процестердің тиімділігін арттыруға және (немесе) өнімнің сапасын жақсартуға мүмкіндік беретін, нарықта сұранысқа ие жүзеге асырылған немесе жүзеге асырылатын жаңалық
Педагогикалық қағидалар	педагогикалық заңдылыққа негізделген және педагогикалық міндеттерді шешу стратегиясын сипаттайтын нормативтік ереже
Пианист аппараты	адамның сүйек жүйесінің пассивті бөліктері – сүйек буындары мен белсенді бөліктері, бұлшықеттері мен олардың барлық мүшелерінен тұратын қимыл-қозғалыс жүйесінің бір бөлігі
Артикуляция	музыкалық аспапта ойнау немесе вокалдық партияларды орындау кезінде дыбыстар тізбегін

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	5 БЕТ

	орындау тәсілі
Камералық вокалдық музыка	аз көлемді орындаушылар құрамына арнап жазылған музыка: сольдық шығармалар, романстар, әндер
Диапазон	музыкалық шығармалардағы дауыс немесе құралдың, вокалдық немесе аспаптық партияның дыбыстық көлемі
Тесситура	дауыс диапазонына немесе музыкалық аспапқа байланысты музыкалық шығармадағы дыбыстардың биіктік орнын анықтайтын термин
Песня	ең қарапайым, бірақ поэтикалық мәтін мен әуенді біріктіретін формадағы кең таралған вокалдық музыка түрі
Романс	аспаптың сүйемелдеуімен дауысқа арналған лирикалық мазмұндағы өлеңдерге жазылған шағын музыкалық шығарма
Вокалды цикл	ортақ поэтикалық және музыкалық идеямен біріктірілген романстар мен әндердің циклы
Интерпретация	музыкант-орындаушының музыкалық шығарманы оқу және орындау барысында өнер интерпретациясы
Опера	театрда орындауға арналған музыкалық-драмалық шығарма, сондай-ақ оркестрдің сүйемелдеуімен кейіпкерлердің ән айтуымен өтетін театрлық қойылым
Опера ариясы	вокалдық музыка жанры; операда, ораторияда немесе кантатада негізінен ән сазында құрылып, оркестр сүйемелдеуімен әнші-солистің орындауында аяқталатын эпизод
Опера сахнасы	жеке опера эпизоды, оның шағын мағыналық бөлігі: П.И. Чайковскийдің «Евгений Онегин» операсынан Финалдық сахна, Дж. Вердидің «Риголетто» операсынан Герцог пен Джильданың сахнасы және т.б.
Клавир	Вокалдық-симфониялық шығармалар (опера, оратория, кантата) партитурасын фортепианоға

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	6 БЕТ

	лайықтау
Оркестр	Теңестірілген белгілі бір құрылымы мен орындау формасы бар музыкалық орындаушылар ұжымы
Үрмелі аспаптар	Ауа дірілі арқылы дыбыс шығаратын музыкалық аспаптар. Ағаш үрмелі аспаптар. Флейта, кларнет, гобой, фагот, саксофон. Мыс үрмелі аспаптар. Труба, тромбон, валторна, туба.
Ішекті аспаптар	Дыбыс көзі ретінде ішектердің дірілдеуі қолданылатын музыкалық аспаптар. Классикалық ішекті аспаптардың мысалдары: скрипка, виолончель, альт, контрабас, арфа және гитара.
Дыбыстық баланс	Әрбір аспап тобының жалпы дыбыстық кеңістікте дыбыстың күші жағынан мағыналық теңдестік
Тембр	Дыбыс бояуы – музыкалық дыбыстың ерекше сипаттамаларының бірі (биіктігі, күштілігі және ұзақтығымен қатар)
Тембрлік сәйкестік	Ансамбльде орындау кезінде дыбыстың біртектес тоналдық сапасы
Акустика	Дыбыстың қандай да бір ғимаратта таралу ерекшеліктері
Акустикалық репетиция	Жаңа залмен танысу үшін қажет болатын репетиция түрі, мысалы, гастрольдік концерттер немесе байқау көріністері кезінде. Сондай-ақ, акустикалық репетиция кезінде орындаушы мен концертмейстердің немесе орындаушы мен оркестрдің орналасу қатынастары тексерілуі мүмкін
Концерт	Белгілі бір, алдын ала дайындалған бағдарлама бойынша музыкалық шығармаларды, балет, эстрада және т.б. нөмірлерді көпшілік алдында орындау
Концерттік бағдарлама	Белгілі бір концертке орындаушылар мен ұйымдастырушылар ұсынатын шығармалар мен композициялар тізімі; кең мағынада – артистердің, музыканттардың және т.б. орындау бағдарламасы
Артистизм	Сахналық мінез-құлық жиынтығы, оның мақсаты –

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	7 БЕТ

	көрерменге өнерлік ақпаратты жеткізу
Психологиялық тұрақтылық	Күйзелістер мен қиындықтарға, жағымсыз оқиғаларға оқиғаларға адекватты жауап бере білу, эмоциялық тепе-теңдікті сақтап қалу немесе жылдам қалпына келтіру қабілеті.
Педагогтардың біліктілігін арттыру	жаңа білімдерді игеруге, сондай-ақ бұрын меңгерілген кәсіби білімдер, дағдылар, шеберліктер мен құзыреттерді қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін, оқыту мен білім берудің сапасын арттыруға бағытталған кәсіби білімнің формасы
Тыңдаушы	Біліктілікті арттыру курсын өтіп жатқан тұлға
Посткурстық қолдау	педагогтың кәсіби құзыреттілігін курстан кейінгі қызметін үздіксіз мониторингтеуден және әдістемелік, консультациялық көмек көрсету арқылы жүзеге асырылатын дамытуға бағытталған іс-шаралар жүйесі

3. «Қазіргі заманғы кәсіби музыкалық білім беру жағдайындағы концертмейстер құзіреттері» бағдарламасы тематикасы

Авторлық бағдарлама концертмейстерлік шеберлік мәселелері бойынша заманауи ғылыми зерттеулерге сүйене отырып әзірленген, концертмейстерлік өнердің қазіргі жағдайына және маман дайындау педагогикалық үдерісіне негізделген. Бұл тек қазіргі бар тәсілдерді тереңірек түсінуге ғана емес, сондай-ақ концертмейстерлік өнер саласындағы кәсіби дайындықты ұйымдастырудың дәстүрлі және инновациялық әдістерін анықтауға мүмкіндік береді.

Концертмейстерлік шеберлік сыныбы орындаушылық қызмет пен педагогикалық тәжірибені үйлестіре білетін білікті музыкант-пианистерді тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады.

Концертмейстердің мамандығы келесі міндеттерді қамтиды:

- ансамбльдік орындаушылық өнерін игеру;
- көркемдік талғамды тәрбиелеу;
- репертуарды зерттеу барысында музыкалық ой-өрісін дамыту;
- шығармашылық бастамашылық пен тәуелсіздікті қалыптастыру;
- ансамбльдік орындау принциптеріне сәйкес шығармалардың стилі мен сипатын түсіну;

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	8 БЕТ

- орындаушылық және педагогикалық қызмет үшін репертуар жинақтау;
- «Концертмейстерлік сынып» мамандығы бойынша әдістемелік әдебиеттерді оқу;
- теориялық білімдер мен практикалық дағдыларды меңгеру.

Бағдарламаның жаңашылдығы – концертмейстерді даярлау үдерісінде заманауи инновациялық технологияларды енгізуде. Бұл тәсіл, қалыптасқан әдістемелер мен білімдерді пайдалануымен қатар, уақыт талабына және қазіргі заманғы музыкалық білім беру талаптарына жауап беретін жаңа білім беру тәжірибелерін енгізуді қамтиды. Бұл білім алушылардың музыкалық және педагогикалық саладағы қазіргі тенденцияларға сәйкес дағдылары мен қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беретін, динамикалық әрі тиімді білім беру ортасын құруға жол ашады. Осылайша, бағдарлама музыканың және білімнің өзгеріп жатқан әлемінде табысты жұмыс істей алатын жан-жақты дамыған маманды қалыптастыруға бағытталған.

Бағдарламаның басты ерекшеліктерінің бірі – тыңдаушыларға практикалық сабақтардың көптігі мен нақты оқу құралдарын дербес әзірлеу арқылы кешенді кәсіби дамуға мүмкіндік беру. Курстың оқу материалдары ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік тәжірибеден алынған қорытындыларға негізделген, бұл олардың өзектілігі мен күнделікті педагогикалық қызметте қолданылуын қамтамасыз етеді. Осылайша, бағдарламаға қатысушылар тек теориялық білім алып қана қоймай, музыкалық білім беру саласында тиімді жұмыс істеуге қажетті практикалық дағдыларды меңгеретін болады.

Бұл бағдарламаның жаңашылдығы – концертмейстерді даярлау үдерісінде заманауи инновациялық технологияларды енгізуде. Бұл тәсіл, қалыптасқан әдістемелер мен білімдерді пайдалануымен қатар, уақыт талабына және қазіргі заманғы музыкалық білім беру талаптарына жауап беретін жаңа білім беру тәжірибелерін енгізуді қамтиды. Бұл білім алушылардың музыкалық және педагогикалық саладағы қазіргі тенденцияларға сәйкес дағдылары мен қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беретін, динамикалық әрі тиімді білім беру ортасын құруға жол ашады. Осылайша, бағдарлама музыканың және білімнің өзгеріп жатқан әлемінде табысты жұмыс істей алатын жан-жақты дамыған маманды қалыптастыруға бағытталған.

Бұл бағдарламаның басты ерекшеліктерінің бірі – тыңдаушыларға практикалық сабақтардың көптігі мен нақты оқу құралдарын дербес әзірлеу арқылы кешенді кәсіби дамуға мүмкіндік беру. Курстың оқу материалдары ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік тәжірибеден алынған қорытындыларға негізделген, бұл олардың өзектілігі мен күнделікті педагогикалық қызметте қолданылуын қамтамасыз етеді. Осылайша, бағдарламаға қатысушылар тек теориялық білім алып қана қоймай, музыкалық білім беру саласында тиімді жұмыс істеуге қажетті практикалық дағдыларды меңгеретін болады.

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	9 БЕТ

Бағдарлама компоненттері, модульдері	Бағдарлама компоненттері мен модульдерінің сипаттары
Диагностикалық тестілеу	Оқытылатын тақырыптар бойынша бастапқы деңгейдегі құзыреттіліктерге баға беру
1 Модуль. Қазіргі жағдайларда концертмейстердің жұмыс қағидалары, тұлғаға бағытталған оқу моделін жүзеге асыру үдерісінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде	1.1 Пианист-концертмейстердің орындаушылық және педагогикалық қызметінің ерекшеліктері
	1.2 Концертмейстер қызметіндегі психологиялық-педагогикалық инновациялар
	1.3 Қазіргі жағдайлардағы концертмейстердің кәсібилігі мен құзыреттілігі
2 Модуль. Жеке академиялық ән айту сыныбында концертмейстерлік шеберлік: теориялық-әдістемелік практикум	2.1 Ерлер мен әйелдер әншілік дауыстарының түрлері.
	2.2 Камералық репертуар: вокалдық камералық шығармаларды орындау кезінде фортепианоға қойылатын міндеттер (әндер, романстар)
	2.3 Опералық репертуар: опера ариялары мен сахналарын орындау кезінде фортепианоға қойылатын міндеттер (дуэттер, терцеттер)
3 Модуль. Музыкалық-аспаптық орындаушылық сыныптарындағы концертмейстерлік шеберлік: теориялық-әдістемелік практикум	3.1 Ішекті аспаптар сыныптарында концертмейстер жұмысының ерекшеліктері мен міндеттері
	3.2 Үрмелі аспаптар сыныптарындағы жұмыс ерекшеліктері мен міндеттері
	3.3 Клавирлік аспаптық концерттердегі техникалық қиындықтарды жеңу және үзілістерді болдырмау
	3.4 Түрлі аспаптарда орындаудың ерекшеліктері
	3.5 Орындаушылық және педагогикалық қызмет үшін репертуар жинақтау
Модуль 4. Концертмейстердің	4.1 «Дыбыстық баланс» ұғымының тәжірибелік маңызы

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	10 БЕТ

жұмысында дыбыстық баланс Әдістемелік ұсыныстар	4.2 Вокалдық және фортепиано партияларының тембрлік қатынасы тұрғысынан Вокалды аккомпанемент орындаудың ерекшеліктері
	4.3 Аспаптық және фортепиано партияларының тембрлік қатынасы тұрғысынан аспаптық аккомпанемент орындау ерекшеліктері
	4.4 Зал акустикасының орындалып жатқан шығарманың дыбыстық балансына әсері
Модуль 5. Концертмейстердің орындаушылық шеберлігін қалыптаудағы концерттік өнер көрсетуінің рөлі	5.1 Концерттік бағдарламаларды құру қағидалары
	5.2 Концерттік өнер көрсетуге бағдарлама дайындау
	5.3 Орындау кезінде артистизм мен психологиялық тұрақтылықты дамыту
Қорытынды тестілеу	Бағдарлама мазмұнын игерудің қорытынды деңгейіне баға беру

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Кәсіптік біліктілікті арттыру курсының бағдарламасының **мақсаты** – өзіне тән көркемдік құндылықтар жүйесіне ие, әртүрлі кәсіби қызмет түрлерін жоғары кәсіби деңгейде жүзеге асыру үшін қажетті барлық арсеналмен қамтамасыз етілген кең ауқымды пианист-концертмейстер қалыптастыру.

Міндеттер:

- Шығармашылық тапсырмаларды еркін шешуге негіз болатын базаны қамтамасыз ететін қажетті техникалық дағдылар мен қабілеттерді меңгерген орындаушыны тәрбиелеу, кәсіби шеберлікті дамыту бойынша жұмыс;
- Курс тыңдаушыларының концерттік және оқу-орындаушылық репертуарын кеңейту, концертмейстерлік шеберлік теориясы мен әдістемесінің негіздерін меңгеру;
- Орындаушылық мәдениеттің маңызды элементтерін меңгеру, өзін-өзі үнемі кәсіби жетілдіруге қажеттілікті тәрбиелеу;
- Концертмейстерлік өнер мәселелері бойынша арнайы әдістемелік және тарихи әдебиеттерді зерттеу, ғылыми-зерттеу қызметі мотивациясын қалыптастыру, пианист-концертмейстер қызметін талдауды дамыту;
- Пәнді меңгеру барысында алған теориялық білімдер, орындаушылық дағдылар мен қабілеттер негізінде өзінің жеке шығармашылық-орындаушылық концепциясын қалыптастыру.

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	11 БЕТ

Оқытудың күтілетін нәтижелері:

Курс аяқталғаннан кейін педагогтар:

- қазіргі заманғы концертмейстерлік шеберлік теориясы мен әдістемесінің негіздерін біледі;
- ансамбльдік орындау ерекшеліктерін түсінеді;
- концертмейстерлік өнер мәселелері бойынша негізгі әдістемелік әдебиеттерді қолдана алады;
- аккомпанемент партиясы мен солист партиясы арасындағы дыбыстық балансты қамтамасыз ету тәсілдерін меңгергенін көрсете алады;
- әншілік дауыстар классификациясын біледі;
- концертмейстердің вокалист және аспаптық орындаушымен жұмыс істеу ерекшеліктеріне ие бола алады;
- орындап жатқан шығарманың музыкалық-стилдік бағытын еркін анықтап, автордың концепциясын дәл жеткізіп, жеке орындаушылық жоспар құра алады;
- орындаушылық шеберліктің барлық элементтерін меңгерген, кәсіби өсу үшін қажетті құралдар мен тәсілдерді еркін қолдана алады;
- аспаптың барлық мүмкіндіктерін игергенін көрсете алады;
- зерттелген материалдың стилистикалық, орындаушылық ерекшеліктерін жинақтап, талдай алады;
- орындаушы аппаратының проблемаларын анықтап, оларды шешу тәсілдерін анықтай алады.

Оқыту нәтижелерінің педагог жұмысының тәжірибесіне ықпалы

Оқыту нәтижесінде тыңдаушылар келесі кәсіби құзыреттіліктерді меңгереді:

- оқыту әдістемелерін және тәсілдерін таңдауын нормативтік құжаттардың талаптарына негіздей отырып, дәлелді түрде негіздеу қабілеті;
- оқушылардың жеке қажеттіліктеріне оқытуды бейімдеу, олардың мотивациясын және қатысуын арттыру қабілеті;
- оқу материалын білім алушыларға толық және терең түсінуді қамтамасыз ету, әртүрлі пәндік салалардан алынған білімдермен интеграциялау және оны нақты өмірмен байланыстыру қабілеті;
- педагогтар арасында озық тәжірибе мен үздік практикалармен алмасу процесінде әріптестерімен өзара әрекеттесу қабілеті.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Оқу процесі Бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспарына сәйкес ұйымдастырылады.

Білім беру ұйымдарының талаптары мен оқытушылардың қажеттіліктеріне байланысты оқу-тақырыптық жоспардың мазмұнына өзгерістер мен толықтырулар

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	12 БЕТ

енгізілуі мүмкін, соның ішінде тыңдаушылардың бастапқы сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, оқытушылар қажеттілігіне сәйкес, Бағдарлама мазмұны оқу уақытының жалпы көлемін сақтай отырып, нақты модульдер үшін өзгертілуі мүмкін.

1 Модуль. Қазіргі жағдайларда концертмейстердің жұмыс қағидалары, тұлғаға бағытталған оқу моделін жүзеге асыру үдерісінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде

Курстың бірінші модулі пианист-концертмейстерінің орындаушылық және педагогикалық қызметінің ерекшеліктері мен принциптерін қазіргі заманғы музыкалық білім беру контекстінде тереңірек зерттеуге арналады. Бұл модуль оқытушылардың шеберлік деңгейін арттыруға бағытталған, оларға табысты орындау және оқыту үшін қажетті құралдар мен білімдер береді. Курстың тыңдаушылары тек өз дағдыларын жақсартумен ғана шектелмей, оқу бағдарламасын қазіргі нормативтік құжаттар мен әдістемелік нұсқауларға негізделген толық түсінік қалыптастырады. Бұл олардың білім беру процесіндегі ролін тереңірек түсінуге көмектеседі және ақырында өз кәсібінде тиімдірек болуға мүмкіндік береді.

2 Модуль. Жеке академиялық ән айту сыныбында концертмейстерлік шеберлік: теориялық-әдістемелік практикум

Курстың екінші модулі концертмейстердің академиялық ән айту сыныбындағы жұмыс ерекшеліктерін терең зерттеуге арналады. Оқу барысында камералық шығармалар мен опералық арияларды орындау кезінде орындаушылармен өзара әрекеттесудің ерекше аспектілері қарастырылады, бұл концертмейстерден жоғары шеберлік деңгейі мен музыкалық және сахналық контексті түсінуді талап етеді. Сонымен қатар, модуль вокалдық репертуарды қарастыратын маңызды мәселелерді қамтиды, бұл қатысушыларға шығармалардың таңдалуы, олардың интерпретациясы және орындаушылық ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде тыңдаушылар құнды ақпарат пен практикалық нұсқаулар алады, олар оларға әншілермен тиімді өзара әрекеттесуге және академиялық оқыту аясында үйлесімді музыкалық орта қалыптастыруға көмектеседі.

3 Модуль. Концертмейстерлік шеберлік музыкалық-аспаптық орындаушылық сыныптарында: теориялық-әдістемелік практикум

Курстың үшінші модулі концертмейстердің музыкалық аспаптарды орындау сыныбындағы жұмыс ерекшеліктеріне бағытталған. Бұл модуль аясында қатысушылар әр түрлі аспаптарда дыбыс шығаруды және тембрді зерттеп, ансамбльде үйлесімді дыбысты қалыптастыру үшін маңызды мәселелермен танысады. Сондай-ақ, солист аспабының дыбысына сәйкес фортепианомен жұмыс жасаудың түрлі әдістері, штрихтары мен дұрыс тақырып таңдау сияқты ерекше техникалар қарастырылады. Модуль аспапшы орындаушылардың негізгі репертуарын қамтиды, соның ішінде аспаптық концерттердегі қиындықтарды

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	13 БЕТ

талдап, оларды жеңу жолдары қарастырылады. Нәтижесінде тыңдаушылар өз дағдыларын дамытып, концертмейстер мен солист арасындағы өзара әрекетті тереңірек түсінуге мүмкіндік алады, бұл аспаптық ансамбльдегі шығармаларды орындау сапасын елеулі түрде арттырады.

4 Модуль. Концертмейстер жұмысындағы дыбыстық баланс. Әдістемелік ұсыныстар.

Курстың төртінші модулі солистердің партиялары мен фортепианалық сүйемелдеудің дыбыстық сәйкестігін зерттеуге арналған. Осы модуль аясында «дыбыстық баланс» ұғымына ерекше назар аударылады, бұл практикалық маңызы бар және музыкалық шығармаларды орындауда дыбыстық теңдік, динамикалық және тембрлік үйлесімділік сияқты күрделі ғылыми терминдерге ыңғайлы балама болып табылады. Модульдің мақсаты – қатысушылардың орындаушылық және педагогикалық шеберліктерін жетілдіру, бұл оларға ансамбльде үйлесімді дыбыс шығару бойынша жұмыс істегенде саналы әрі тиімді болуға мүмкіндік береді. Тыңдаушылар солистермен өзара әрекеттесуді дамытатын және шығарманың жалпы дыбысына әсер ететін ерекшеліктерді жақсы түсінуге көмектесетін практикалық ұсыныстар мен әдістемелік құралдар алады.

5 Модуль. Концертмейстердің орындаушылық шеберлігін қалыптастырудағы концерттік өнер көрсету рөлі.

Бесінші модуль тыңдаушыларда концерттік қызметтің концертмейстердің кәсіби қызметі контекстіндегі мағынасын терең түсінуді белсенді түрде дамытуға бағытталған. Бұл модуль концертмейстерге концерттер мен шараларды өткізу кезінде жүктелген негізгі принциптерді, міндеттерді және функцияларды зерттеуді және түсінуді қамтиды. Сонымен қатар, бұл модуль концертмейстердің міндеттерін тиімді орындауға қажетті практикалық дағдылар мен қабілеттерді қалыптастыруға бағытталған, оның ішінде концерт бағдарламасын басқару, өнерпаздармен және аудиториямен жұмыс ұйымдастыру, сондай-ақ концерттік шаралардың әртүрлі құрылымдарымен және қатысушыларымен тиімді өзара әрекеттесу дағдылары да қамтылады. Осы модульді аяқтау нәтижесінде тыңдаушылар тек теориялық негіздермен ғана емес, концерттік қызмет саласындағы табысты жұмыс істеу үшін қажетті тәжірибелік дағдылармен де қамтамасыз етіледі.

Осылайша, Бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспары мұғалімдердің барлық деңгейлері үшін біліктілікті арттырудың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес болатындай етіп мұқият құрылымдалған, ол жоғары және орта кәсіби білім беру негізінде білім беру ұйымының профилі бойынша олардың жан-жақты кәсіби дамуын және оқушылардың білім беру нәтижелерін жақсартуды қамтамасыз етеді. Білім беру процесі Бағдарлама жоспарына сәйкес 3 және 4 кестелерге сай ұйымдастырылады.

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	14 БЕТ

Бағдарлама жоспары (80 сағат – оффлайн оқыту)

3 кесте

№	Сабақтардың тематикасы	Күндізгі оқу, 80 сағат				Барлығы
		Теориялық сағат	Практикалық сабақ	Теориялық сағат	Практикалық сабақ	
	Диагностикалық тестілеу				1	1
	1 модуль. Қазіргі заман жағдайында концертмейстердің жұмыс қағидалары, тұлғаға бағытталған оқу моделін жүзеге асыру үдерісінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде	3	1			4
1.1	Пианист-концертмейстердің орындаушылық және педагогикалық қызметінің ерекшеліктері	1	1			2
1.2	Концертмейстердің қызметіндегі психологиялық-педагогикалық инновациялар	1				1
1.3	Қазіргі жағдайлардағы концертмейстердің кәсібилігі мен құзыреттілігі	1				1
	2 модуль. Жеке академиялық ән айту сыныбында концертмейстерлік шеберлік: теориялық-әдістемелік практикум	7	9			16
2.1	Ерлер мен әйелдер әншілік дауыстарының түрлері	5	5			10
2.2	Камералық репертуар: вокалдық камералық шығармаларды орындау кезінде фортепианоға қойылатын міндеттер (әндер, романстар)	1	2			3

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	15 БЕТ

2.3	Опералық репертуар: опера ариялары мен сахналарын орындау кезінде фортепианоға қойылатын міндеттер (дуэттер, терцеттер)	1	2			3
3 модуль. Концертмейстерлік шеберлік музыкалық-аспаптық орындаушылық сыныптарында: теориялық-әдістемелік практикум		10	20			30
3.1	Ішекті аспаптар сыныптарында концертмейстердің жұмысының ерекшеліктері мен міндеттері	2	4			6
3.2	Үрмелі аспаптар сыныптарындағы жұмыс ерекшеліктері мен міндеттері	4	5			9
3.3	Клавирлік аспаптық концерттердегі техникалық қиындықтарды жеңу және үзілістерді болдырмау	1	4			5
3.4	Түрлі аспаптарда орындаудың ерекшеліктері	1	3			4
3.5	Орындаушылық және педагогикалық қызмет үшін репертуар жинақтау	2	4			6
4 модуль. Концертмейстер жұмысындағы дыбыстық баланс. Әдістемелік ұсыныстар		9	13			22
4.1	«Дыбыстық баланс» ұғымының тәжірибелік маңызы	2	3			5
4.2	Вокалдық және фортепиано партияларының тембрлік қатынасы тұрғысынан вокалды аккомпанементті орындау ерекшеліктері	2	3			5
4.3	Аспаптық және фортепиано партияларының тембрлік қатынасы тұрғысынан аспаптық аккомпанементті орындау ерекшеліктері	3	4			7
4.4	Зал акустикасының орындалып жатқан шығарманың дыбыстық	2	3			5

	балансына әсері					
5 модуль. Концертмейстердің орындаушылық шеберлігін қалыптастыруда концерттік өнер көрсетуінің рөлі		2	2	2		6
5.1	Концерттік бағдарламаларды құру қағидалары	1	1			
5.2	Концерттік өнер көрсетуге бағдарлама дайындау		1			
5.3	Орындау кезінде артистизм мен психологиялық тұрақтылықты дамыту	1				
Қорытынды тестілеу					1	1
Барлығы		31	45	2	2	80

Бағдарлама жоспары (80 сағат – онлайн оқыту)

4 кесте

№	Сабақ тематикасы	Күндізгі оқу, 80 сағат				барлығы
		Теориялық сабақ	Практикалық сабақ	Жұмысын қорғау	Тестілеу	
Диагностикалық тестілеу					1	1
1 модуль. Қазіргі жағдайларда концертмейстердің жұмыс қағидалары, тұлғаға бағытталған оқу моделін жүзеге асыру үдерісінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде		3	1			4
1.1	Пианист-концертмейстердің орындаушылық және педагогикалық	1	1			2

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	17 БЕТ

	қызметінің ерекшеліктері					
1.2	Концертмейстердің қызметіндегі психологиялық-педагогикалық инновациялар	1				1
1.3	Қазіргі жағдайлардағы концертмейстердің кәсібилігі мен құзыреттілігі	1				1
2 модуль. Жеке академиялық ән айту сыныбында концертмейстерлік шеберлік: теориялық-әдістемелік практикум		9	7			16
2.1	Ерлер мен әйелдер әншілік дауыстарының түрлері	5	5			10
2.2	Камералық репертуар: вокалдық камералық шығармаларды орындау кезінде фортепианоға қойылатын міндеттер (әндер, романстар)	1	1			2
2.3	Опералық репертуар: опера ариялары мен сахналарын орындау кезінде фортепианоға қойылатын міндеттер (дуэттер, терцеттер)	3	1			4
3 модуль. Концертмейстерлік шеберлік музыкалық-аспаптық орындаушылық сыныптарында: теориялық-әдістемелік практикум		17	13			30
3.1	Ішекті аспаптар сыныптарында концертмейстер жұмысының ерекшеліктері мен міндеттері	2	2			4
3.2	Үрмелі аспаптар сыныптарындағы жұмыс ерекшеліктері мен міндеттері	6	3			9
3.3	Клавирлік аспаптық концерттердегі техникалық қиындықтарды жеңу және үзілістерді болдырмау	2	2			4
3.4	Түрлі аспаптарда орындау ерекшеліктері	3	3			6

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	18 БЕТ

3.5	Орындаушылық және педагогикалық қызмет үшін репертуар жинақтау	4	3			7
4 модуль. Концертмейстер жұмысында дыбыстық баланс. Әдістемелік ұсыныстар		14	8			22
4.1	«Дыбыстық баланс» ұғымының тәжірибелік маңызы	3	2			5
4.2	Вокалдық және фортепиано партияларының тембрлік қатынасы тұрғысынан вокалды аккомпанемент орындау ерекшеліктері	4	2			6
4.3	Аспаптық және фортепиано партияларының тембрлік қатынасы тұрғысынан аспаптық аккомпанемент орындау ерекшеліктері	4	2			6
4.4	Зал акустикасының орындалып жатқан шығарманың дыбыстық балансына әсері	3	2			5
5 модуль. Концертмейстердің орындаушылық шеберлігін қалыптастыруда концерттік өнер көрсетуінің рөлі		2	2	2		6
5.1	Концерттік бағдарламаларды құру қағидалары	1	1			
5.2	Концерттік өнер көрсетуге бағдарлама дайындау		1			
5.3	Орындау кезінде артистизм мен психологиялық тұрақтылықты дамыту	1				
Қорытынды тестілеу					1	1
Барлығы		45	31	2	2	80

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Құрманғазы атындағы ҚҰК біліктілікті арттыру курсының

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	19 БЕТ

тыңдаушыларына арналған оқу процесін ұйымдастыру жүйелі көзқарасты қамтиды, ол дәстүрлі оқу формаларын және заманауи жұмыс әдістерін интеграциялайды. Консерватория музыкалық білім беру, шығармашылық және зерттеу қызметі үшін кең мүмкіндіктерге ие, бұл тыңдаушыларға кәсіби дағдыларын кеңейтуге және тереңдетуге, концертмейстерлік шеберлік саласында біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Оқу процесінің негізгі құрамдас бөлігі – дәрістер мен семинарлар. Дәрістерді консерваторияның жетекші оқытушылары және шақырылған сарапшылар жүргізеді.

Оқу процесін ұйымдастыруда практикалық сабақтарға баса назар аударылады, мұнда тыңдаушылар консерваторияның тәжірибелі орындаушылары мен педагогтарының жұмысын бақылап, кейбір жағдайларда концерттік бағдарламаларға немесе шеберлік сыныбына орындаушы ретінде қатыса алады.

Тыңдаушылардың өздік жұмысын қолдау консерваторияның медиатекасы арқылы қамтамасыз етіледі, мұнда көрнекті орындаушылардың аудио және бейнемазмұндарымен, архивтік материалдармен және оқу бейнемазмұндарымен танысу мүмкіндігі бар. Тыңдаушылар музыкалық шығармалардың әр түрлі интерпретацияларын зерттеп, орындаушылық техникамен танысып, қазіргі заманғы оқу бағдарламалары мен қосымшаларды қолдана отырып, дыбыстық және ритм сезімін дамыту үшін ноталық редакторлар немесе тренажерлер сияқты заманауи құралдарды пайдалана алады.

Консерватория кітапханасы оқу процесіне интеграцияланған және тыңдаушыларға ноталық әдебиетке, оқу-әдістемелік және ғылыми жұмыстардың базасына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ білім алушылар әртүрлі дәуірлердің музыкалық шығармаларының сирек басылымдарымен танысуға мүмкіндік алады.

Процесті ұйымдастырудың бірегей әдісі - тәжірибе алмасу болып табылады, ол білім алушылардың консерватория оқытушысымен жеке кеңес беру барысында жүзеге асырылады, мұнда тыңдаушылар оқу және концерттік бағдарламаларды дайындау бойынша құнды кеңестер алады. Топтық талқылаулар оқу-әдістемелік және ғылыми жұмыстарды талқылау арқылы жүзеге асырылады, бұл консерватория кафедраларының отырыстарында және дөңгелек үстелдер кезінде жүзеге асады.

Консерватория білім алушыларға оқу процесінде белсенді музыкалық өмірге қатысу мүмкіндігін қамтамасыз етеді, бұл үнемі өтетін үш концерттік залда ұйымдастырылатын классикалық және есеп беру концерттеріне, сондай-ақ шақырылған музыканттардың қатысуымен өтетін концерттерге қатысуды қамтиды.

Кәсіби білім алу барысында тыңдаушылар заманауи жабдықталған оқу аудиторияларында оқиды, онда жоғары сапалы музыкалық құралдар (Steinway & Sons, Fazioli, Yamaha, Bluthner және басқалары) бар. Сондай-ақ, білім алушылар

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	20 БЕТ

курсты өту кезеңінде музыкалық құралдарды жалға алу мүмкіндігіне ие.

Сонымен қатар консерватория ғылыми-педагогикалық конференциялар мен көрмелер ұйымдастырады. Білім алушылар консерватория оқытушыларының кез келгенімен камералық ансамбль өнерін дамыту мәселелері бойынша кеңес ала алады және өз таңдаулары бойынша профессорлық-оқытушылық құрамның сабақтарына қатыса алады.

Осылайша, Құрманғазы атындағы ҚҰК оқу процесін ұйымдастыру тыңдаушылардың кәсіби өсуі үшін қажетті барлық жағдайды қамтамасыз етеді, оларға педагогикалық шеберлік пен орындаушылық дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Біліктілікті арттыру курстары келесі режимде ұйымдастырылады:

- 1) Бағдарлама жоспарына сәйкес ұзақтығы 80 академиялық сағат күндізгі оқу;
- 2) бағдарлама жоспарына сәйкес ұзақтығы 80 академиялық сағат онлайн оқыту.

Офлайн оқыту режиміндегі білім беру процесі оқыту мен бағалаудың келесі түрлерін қамтиды:

- теориялық;
- практикалық;
- тестілеу.

Онлайн оқыту режиміндегі білім беру процесі оқыту мен бағалаудың келесі нысандары мен әдістерін қамтиды:

- теориялық;
- практикалық;
- тестілеу.

Офлайн оқыту режиміндегі білім беру процесі оқытудың әртүрлі нысандарына, соның ішінде аудиториялық сабақтарға қатысуға, шеберлік сыныптарына, ғылыми конференцияларға қатысуға (біліктілікті арттырудан өту кезеңінде өткізілген жағдайда), ашық сабақтарға, концерттерге, вебинарларға, интерактивті дәрістерге, топтық пікірталастарға, практикалық тапсырмаларға, рөлдік ойындарға және кейстерді талдауға негізделеді. Оқу процесінде маңызды орынды тыңдаушылардың сыни ойлауы мен проблемаларды шешу дағдыларын дамытуға көмектесетін проблемалық оқыту және зерттеу әдістері алады. Сонымен қатар, интерактивті өзара әрекеттесу үшін мультимедиялық презентациялар мен цифрлық платформаларды қоса алғанда, заманауи білім беру технологияларын қолдану көзделеді.

Онлайн оқыту режимінде оқытудың айрықша ерекшелігі – оқу процесін өзара әрекеттесу және қолдау үшін цифрлық платформалар мен құралдарды пайдалану. Бұған виртуалды сабақтар, бейнеконференциялар, онлайн пікірталас форумдары, интерактивті оқу материалдары және тесттер кіреді. Онлайн оқыту кез келген уақытта және кез келген жерден оқу материалдарына қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, әрбір тыңдаушының жеке қажеттіліктеріне оқу процесін икемді түрде

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	21 БЕТ

бейімдеуге мүмкіндік береді, бұл оқуға белсенділік пен мотивацияны арттыруға ықпал етеді.

Консерваторияда біліктілікті арттыру бағдарламасының оқу процесін ұйымдастырудың негізгі нысаны жеке сабақ болып табылады. Оқыту әдісін таңдау курс тыңдаушысының жеке ерекшеліктері мен қабілеттеріне, музыкалық даму деңгейіне және өмірлік психологиялық тәжірибеге байланысты. Біліктілікті арттыру курстарының жұмысында практикалық – жеке, топтық – теориялық, аралас формалар сияқты сабақтың әртүрлі формалары қолданылады. Бағдарлама шеңберінде оқыту стратегиясы әр түрлі деңгейдегі төрт-бес педагогтан тұратын шағын топтарда ұйымдастырылады.

Оқыту мен оқудың нысандары мен әдістерінің сипаты икемді, инновациялық және студентке бағытталған білім беру ортасын құруға ықпал етеді, онда студенттер оқу үдерісіне және шешім қабылдауға белсенді қатысады.

Тыңдаушыларға оқу материалын алдын ала зерделеу, білім беру бағдарламасының жекелеген блоктарын өз бетінше игеру немесе күндізгі оқудан өткен материалды бекіту үшін қосымша материал ұсынылады.

Курстар басталғаннан бастап тыңдаушылардан қоғамдастыққа тіркелу сұралады, яғни оқытушылар мен мұғалімдердің онлайн-қауымдастықтары құрылады, онда олар тәжірибе алмасады, сұрақтар қояды, материалдармен бөліседі және сабақтан тыс уақытта өзара әрекеттесуді қолдайды.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету курстың оқу-әдістемелік материалдарымен ұсынылады, олар мыналарды қамтиды:

- оқудан өту үшін оқу-білім беру бағдарламасы және сабақ күнтізбесі;
- бағдарламаның мазмұнымен және маңызды көздер тізімімен толықтырылған құрылымдық материалдардың жинағын немесе инфотекасын қамтамасыз ететін тыңдаушының кейсі;
- курстық оқу кезінде қолданатын тыңдаушының күнделігі;
- бағалау құжаты – курс тыңдаушыларының білімі мен дағдыларын бағалау көрсеткіші, тесттер, курсты аяқтағаннан кейін бақылау және қорытынды тексерулер жүргізуге арналған практикалық тапсырмалар мен кейстер;
- электрондық онлайн-құралдар – интерактивті база, қосымша материалдарды, оқу-білім беру құжатын меңгеру жөніндегі тапсырмаларды, тестілерді, форумдарды, талқылауға арналған конференцияларды және тыңдаушылардың оқуы мен өзіндік жұмысына арналған басқа да құралдарды қамтамасыз ететін толықтырулар мен веб-сайттар.

Зерттелетін модульдердің негізгі мазмұны және өзін-өзі бағалау критерийлерін көрсететін нәтижелер 5-кестеде келтірілген.

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	22 БЕТ

Оқытылатын модульдердің негізгі мазмұны және өзін-өзі бағалау критерийлерін көрсететін нәтижелер 5-кестеде көрсетілген.

5 кесте

Модуль	Оқу материалын игеру бойынша тапсырмаларды қамтитын негізгі мазмұны	Өзіне баға беру критерийлерін көрсететін қорытындылар
Модуль 1. Қазіргі жағдайларда концертмейстердің жұмыс қағидалары, тұлғаға бағытталған оқу моделін жүзеге асыру үдерісінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде	1.1 Пианист-концертмейстердің орындаушылық және педагогикалық қызметінің ерекшеліктері	Пианист-концертмейстердің педагогикалық және орындаушылық қызметінің ерекшеліктерін терең түсіну
	1.2 Концертмейстердің қызметіндегі психологиялық-педагогикалық инновациялар	Әрбір оқушының жеке мүмкіндіктеріне мазмұнды, әдістерді, жұмыс формаларын және оқу қарқынын бейімдеу. Психологиялық жайлылықты қамтамасыз ету.
	1.3 Қазіргі жағдайларда концертмейстердің кәсібилігі мен құзыреттілігі	Негізгі орындаушылық және теориялық құзыреттер (парақтан оқу, транспонирлеу, есту арқылы таңдау, ансамбльдік кәсіби шеберлік және басқа да дағдыларға ие болу).
2 Модуль. Жеке академиялық ән айту сыныбында концертмейстерлік	2.1 Ерлер мен әйелдер әншілік дауыстарының түрлері.	Ерлер мен әйелдер әншілік дауыстарының классификациясы

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	23 БЕТ

шеберлік: теориялық-әдістемелік практикум.		және сипаттамасы (бас, баритон, тенор, меццо-сопрано, сопрано)
	2.2 Камералық репертуар: вокалдық камералық шығармаларды орындау кезінде фортепианоға қойылатын міндеттер (әндер, романстар)	Камералық вокалдық шығармалармен жұмыс. Поэтикалық мәтіннің талдауы, форма, фразировка құрылысы және дыбысқа жұмыс жасау мәселелері
	2.3 Опералық репертуар: опера ариялары мен сахналарын орындау кезінде фортепианоға қойылатын міндеттер (дуэттер, терцеттер)	Опера ариялары мен сахналарымен жұмыс (дуэттер, терцеттер). Оркестрлік тембрлерді меңгеру үшін фортепианода дыбыс шығару тәсілдері. Форма мен стиль мәселелерін қарастыру. Опера ариялары мен сахналардың драматургиясын терең түсіну
3 Модуль. Концертмейстерлік шеберлік музыкалық-аспаптық орындаушылық сыныптарында: теориялық-әдістемелік практикум	3.1 Ішекті аспаптар сыныптарында концертмейстердің жұмысының ерекшеліктері мен міндеттері	Скрипка, альт, виолончель және контрабас класстарындағы жұмыс әдістері. Дыбыс шығару, тембрлер, штрихтар ерекшеліктері. Тембрлік үндестікті сәйкестендіру үшін фортепианодан

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	24 БЕТ

		клавишаны дұрыс таңдай білу.
	3.2 Үрмелі аспаптар сыныптарындағы жұмыс ерекшеліктері мен міндеттері	Ағаш және мыс аспаптары кластарындағы жұмыс әдістері, солистің аппараты мүмкіндіктерін түсіну. Дыбыс шығару, тембрлер, штрихтар ерекшеліктері.
	3.3 Клавирлік аспаптық концерттердегі техникалық қиындықтарды жеңу және үзілістерді болдырмау	Оркестр партиясын фортепианодан орындағанда оркестрдің дыбысын көрсету, партитураның құрылымын түсіну шеберлігі. Өз аппаратына ыңғайсыз жерлерге бейімделе білу және ыңғайсыз жерлерге дұрыс машықтану дағдыларын қалыптастыру
	3.4 Түрлі аспаптарда орындаудың ерекшеліктері	Әр түрлі музыкалық аспаптар үшін солист партиясының арнайы жазу нотациясын білу (кілттері, штрихтар, ойнау тәсілдері, дыбыс шығару әдістері, динамикалық

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	25 БЕТ

		мүмкіндіктер, диапазон, регистрлік және тембрлік бояулар)
	3.5 Орындаушылық және педагогикалық қызмет үшін репертуар жинақтау	Әр түрлі аспаптар үшін негізгі педагогикалық және концерттік репертуарды білу
4 Модуль. Концертмейстердің жұмысында дыбыстық баланс. Әдістемелік ұсыныстар.	4.1 «Дыбыстық баланс» ұғымының тәжірибелік маңызы	Пианист-концертмейстерлердің педагогикалық және практикалық қызметіндегі дыбыстық үйлесім саласында солист партиясымен өзара байланыс бойынша базалық білім мен дағдыларды кеңейту және байыту
	4.2 Вокалдық және фортепиано партияларының тембрлік қатынасы тұрғысынан вокалды аккомпанементті орындау ерекшеліктері	Өншінің текстуралық мүмкіндіктеріне сәйкес музыкалық мәтінге, интонирлеу сипатына және динамикалық тепе-теңдікке қол жеткізу
	4.3 Аспаптық және фортепиано партияларының тембрлік қатынасы тұрғысынан аспаптық аккомпанементті орындау ерекшеліктері	Аспаптық аккомпанементтерде динамикалық тепе-теңдікке қол жеткізу. Оның солист партиясының нақты

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	26 БЕТ

		музыкалық мәтініне, интонирлеудің сипатына және әртүрлі регистраларда интонирлеу ерекшеліктеріне тәуелділігі
	4.4 Зал акустикасының орындалып жатқан шығарманың дыбыстық балансына әсері	Дайындық кезінде дыбысты динамикалық түзету, эстрадалық орындаудағы орындаушылық «мобильділігі»
5 Модуль. Концертмейстердің орындаушылық шеберлігін қалыптаудағы концерттік өнер көрсетуінің рөлі	5.1 Концерттік бағдарламаларды құру қағидалары	Концерттік бағдарламаны құрудың міндеттері мен принциптерін түсіну, соның ішінде репертуарды таңдау және орындау құрылымын анықтау.
	5.2 Өнер көрсетуге бағдарлама дайындау	Концерттік орындауға дайындықтың негізгі аспектілерін білу, орындаушылармен өзара әрекеттесу, репетициялық процесс және музыкалық интерпретацияны дамыту.
	5.3 Орындау кезінде артистизм мен психологиялық тұрақтылықты дамыту	Толқуды басқару техникасын түсіну, артистік шеберлікті арттыру тәсілдері және сәтті орындау үшін психологиялық дайындықтың маңызы.

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	27 БЕТ

	Жобаларды қорғау	Пианист-концертмейстердің жұмысында меңгерілген критерийлер мен дағдыларды көрсету.
--	------------------	---

8. Оқыту нәтижелеріне баға беру

Тыңдаушыларды бағалау сабақты өткізу барысында (ағымдағы бағалау) және курстың соңында (қорытынды бағалау) жүргізіледі және келесі әдістер негізінде жүзеге асырылады:

- формативті бағалау (БА курстарына қатысу, барлық модульдер бойынша практикалық және теориялық жұмыстарды бағалау);
- жиынтық бағалау (тестілеу, жалпы балл).

Курс модульдерін игеру қорытындысы бойынша тыңдаушылар қорытынды тестілеуден өтеді. Бағаланатын практикалық жұмыстар:

- белгілі бір күйшілік мектеп мысалында тартыс кезінде пайда болған 2-3 күйдің шығу тарихын айта отырып бейнежазбаға түсіру;
- таңдалған білім беру бағдарламасының тақырыбына эссе;
- авторлық курс тақырыбы бойынша әдістемелік баяндамалар немесе ашық сабақтар.

Тыңдаушылар өткен авторлық курс бойынша тапсырмаларды жеке дайындайды. Тапсырмаларды орындау барысында тыңдаушыға оқытушы тарапынан топтық немесе жеке түрінде консультациялық көмек көрсетіледі. Тапсырмалар кестеге сәйкес тапсырылады, жетілдіру жолдарын көрсете отырып, егжей-тегжейлі кері байланыс үшін мүмкіндік беріледі.

Қорытынды жұмысты бағалау үшін (таңдау бойынша) келесі критерийлер бөлінеді:

- 0 балл-орындалмаған;
- 50-74 балл - ішінара орындалған;
- 74-100 балл-толық орындалды.

Орындалған қорытынды жұмыс бойынша ең жоғары балл саны 100 балл, мұндағы:

- 1) «Өте жақсы»: 85-100 %;
- 2) «Жақсы»: 75-84 %;
- 3) «Қанағаттанарлық»: 50-74 %.

Қорытынды баға сабаққа қатысудың барлық баллдарын, сабақ барысында көрсетілген белсенділікті, практикалық тапсырмалардың нәтижелерін, қорытынды жұмысты қорғауды қорытындылау негізінде қалыптастырылады. Оқу

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	28 БЕТ

жетістіктерін бағалау критерийлерінің үлестік арақатынасы сабаққа қатысу үшін 10%, белсенділік үшін 40% және қорытынды жұмыс үшін 50% құрайды.

Қорытынды тестілеуге біліктілікті арттыру курсының кестесі бойынша барлық сабақтардың кемінде 80%-ына қатысқан және қорытынды тестілеуден өткен студенттер жіберіледі.

Тыңдаушылардың белсенділігін және олардың практикалық жұмысын бағалау күн сайын жүргізіледі. Әр позиция бойынша ең жоғары баға-20 балл. Осылайша, формативті бағалау ұпайы 40 құрайды.

Жиынтық бағалау баллы тестілеу қорытындыларын ескере отырып айқындалады.

Қорытынды орташа 50 және одан жоғары балл алған тыңдаушыға сертификат беріледі.

9. Курстан кейінгі қолдау көрсету

Педагог қызметін курстан кейінгі қолдау-бұл курстан кейінгі қызметіне мониторинг жүргізу және курстан кейінгі кезеңде консультациялық және әдістемелік көмек көрсету арқылы біліктілікті арттыру курстары шеңберінде алынған кәсіби құзыреттіліктерді жетілдіруді дамытуды жүзеге асыратын іс-шаралар механизмін біріктіретін нақты құрылған алгоритм. Бұл алгоритмнің нәтижесі-мұғалімнің біліктілік дағдыларын түсіну, теорияны практикада қолдану, жеке өсуді жетілдіру, кәсіби жетістіктер.

Педагогты курстан кейінгі қолдаудың **мақсаты** – курстан кейінгі кезеңде мұғалімнің кәсіби қызметін тиімді жақсартуды жүзеге асыру, жүзеге асыруда әдістемелік көмек көрсету.

Курстан кейінгі қолдау **міндеттері**:

1. біліктілікті арттырудың курстық және курстан кейінгі кезеңінің ұзақтығын қолдау;

2. мұғалімге теориялық білімді практикада қолдануға көмектесу;

3. әрі қарай кәсіби өсу үшін жеке білім беру траекторияларын жоспарлау;

Педагог қызметін курстан кейінгі қолдауды жүзеге асыру **нысандары**:

1. тыңдаушыларға олардың педагогикалық және диагностикалық қызметінде әдістемелік және сараптамалық көмек көрсету;

2. педагогикалық және зерттеу қызметінің қорытынды жұмыстарын іске асыру мен дайындауда сараптамалық көмек көрсету;

3. тәжірибе алмасу бойынша іс-шараларды (семинарлар, дөңгелек үстелдер, ашық сабақтар, конференциялар және басқа да білім беру іс-шаралары) ұйымдастыруға көмектесу.

Курстан кейінгі қолдау бірнеше кезеңдерде жүзеге асырылады:

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	29 БЕТ

Бірінші кезең. Тәлімгермен бірге курс тыңдаушылары курстан кейінгі кезеңде педагогты дамыту үшін қажетті құзыреттіліктерді анықтайды және күтілетін нәтижелерді анықтайды.

Екінші кезең. Курс тыңдаушылары курстан кейінгі практикада өздерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамытудың жеке траекториясының жоспарын қалыптастырады. Курс тәлімгері бар қиындықтар бойынша тыңдаушылардың өтінімі бойынша жеке консультациялар ұйымдастыруды көздейді.

Үшінші кезең. Тыңдаушы жеке жоспарда айқындалған іс-шараларды жүзеге асырады. Тәлімгер курстан кейінгі кезеңде жеке кеңес беруді ұйымдастыру, жоспарланған іс-шараларды ұйымдастыруға және орындауға көмектесу, мұғалімнің жеке жоспарын орындау нәтижелерін анықтау және сындарлы кері байланысты жүзеге асыру арқылы мұғалімді қолдайды.

Төртінші кезең. Курстан кейінгі қолдау қорытындысы бойынша тыңдаушы мақалалар әзірлейді және жариялайды, БА курсының мәселелері бойынша әдістемелік баяндамалар және басқа да жұмыстар жасайды. Бұл материалдар орындаушылық өнер саласындағы кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыруға бағытталған тәжірибе мен практикалық ұсыныстармен алмасуға қызмет етеді. Бұл тәсіл білім мен дағдыларды тереңдетуге, сондай-ақ осы салада үздіксіз дамуға ұмтылатын мамандар қауымдастығын құруға ықпал етеді.

Курстан өткен және алған білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын практикада табысты қолданатын педагогтар тәжірибе алмасу жөніндегі іс-шараларға қатысуға тартылады, онда олардың жетістіктері мен кәсіби тәжірибесі көпшілік алдында танылады.

Тыңдаушыларды курстан кейінгі қолдауды іске асырудың ұсынылатын нысандары 6-кестеде көрсетілген.

6 кесте

№	Атауы	Қорытындылау формасы
1	Біліктілікті арттыру курстарында жоспарланған сабақ/дәріс өткізу	Ашық сабақ
2	Құрманғазы атындағы ҚҰК кафедра профессорлары мен шақырылған музыканттар тарапынан түрлі мамандықтар бойынша шеберлік сыныптарын өткізу.	Шеберлік сыныптары
3	Білім беру саласында/қалада/облыста тәжірибе алмасу мақсатында конференциялар мен семинарлар өткізу.	Жоспар мен іс-шараның хаттамасы Іс-шарада қабылданған ұсынымдар
4	Концертмейстердің қызметтік мәртебесін	Бұқаралық ақпарат

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	30 БЕТ

	арттыруға бағытталған тәжірибе алмасу, үздік тәжірибелер мен әдістемелерді бірлесе талқылауды қамтиды, бұл музыкалық орындаушылық пен білім берудегі осы рөлдің маңыздылығын мойындауға ықпал етеді.	құралдарында жариялау
5	«Қазақстанның көрнекті концертмейстерлері» тақырыбында эссе жазу	Эссе
6	Білім алған педагогтардың оқу барысында меңгерген негізгі тенденцияларды тәжірибеде енгізу нәтижелері бойынша дөңгелек үстел өткізу, (оқытудан кейін 1 күнтізбелік жыл өткен соң)	Іс-шара жоспары мен есебі
7	Авторлық курс тақырыбына арналған баяндама дайындау	Баяндама, хабарландыру
8	«Қазіргі заманғы кәсіби музыкалық білім беру жағдайындағы концертмейстердің құзіреттері» курсының нәтижелері бойынша өткізілетін дөңгелек үстел (оқыту аяқталғаннан кейін 1 жыл өткен соң).	дөңгелек үстелдің жоспары және хаттамасы

Курстан кейінгі мониторинг

Курстан кейінгі мониторинг - бұл педагогтардың посткурстық қызметін бақылау, диагностикалау және бағалау процесі.

Курстан кейінгі мониторингтің **мақсаты** – тыңдаушылардың кәсіби қызметінің нақты жағдайын Құрманғазы атындағы ҚҰК біліктілікті арттыру бағдарламаларының күтілетін нәтижелерімен салыстыру, оның ішінде оффлайн оқу форматы да қамтылады. Сондай-ақ, бұл курстан кейінгі қолдаудың диагностикасы мен мониторинг нәтижелері бойынша білім беру бағдарламаларын жаңартуға қатысты шешім қабылдауды қамтиды.

Курстан кейінгі мониторингтің **міндеттері**:

1. Құрманғазы атындағы ҚҰК білім беру бағдарламалары бойынша курстарды аяқтаған тыңдаушылардың курстан кейінгі қызметі туралы нақты және сенімді ақпарат беру;
2. Ақпаратты жинау, жүйелеу және диагностика әдістерін жасау және іске асыру;
3. Құрманғазы атындағы консерваторияның білім беру бағдарламаларын жақсарту және түзету.

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	31 БЕТ

Курстан кейінгі мониторингтің нысаны - білікті педагогтың кәсіби қызметі.

Курстан кейінгі мониторингті жүзеге асыру келесі әрекеттерді қамтиды:

1. ақпарат жинау үшін сауалнамалар жасау;
2. педагогтар арасында сауалнамаларды ұйымдастыру;
3. курстан кейінгі қолдау үшін пайдаланылатын деректерді жинау;
4. деректерді өңдеу және сақтау;
5. есеп беру.

Курстан кейінгі мониторингті жүзеге асырудың түрлері: сауалнамалар жүргізу, ақпаратты сұрыптау, статистикалық деректерді өңдеу, ақпаратты зерттеу және диагностика.

Курстан кейінгі мониторинг заманауи инновациялық технологияларды белсенді енгізуді қамтиды.

Курстан кейінгі мониторинг үшін деректерді жинау және өңдеу, Құрманғазы атындағы ҚҰК курстарын аяқтаған педагогтармен курстар басталмай тұрып құрылған WhatsApp топтары арқылы байланыс орнату арқылы жүзеге асырылады

Педагогты курстан кейінгі қолдау жоспары мен есебін құру бойынша ұсыныстар

Курстардың тақырыптары: _____

Курстан өту күндері: _____

Курс оқытушыларының аты- жөні _____

Тыңдаушының аты-жөні _____

Жеке жоспарды құру кезінде БАҚ, курстан кейін бір жыл ішінде өткізілетін іс-шаралар көрсетіледі, олардың өткізілу мерзімімен.

Жоспарланған іс-шаралардың мысалдық мазмұны: ашық сабақ (тақырып көрсетілген), мастер-класс, дөңгелек үстел, біліктілікті арттыру курсының тақырыбы бойынша семинар өткізу, БА курсының тақырыбы бойынша вебинар өткізу, біліктілікті арттыру курстары бойынша әдістемелік баяндамалар жазу, концерттер, тәжірибе алмасу, өз музыкалық туындыларын жасау, рефлексиялық есеп және т.б.

Посткурстық жұмыс бойынша Есеп формасы

Курстардың тақырыбы: _____

Курстан өткен күндері : _____

Курс оқытушысының аты-жөні _____

Тыңдаушының аты-жөні _____

№	Іс-шара	Өткізу күні	Қысқаша сипаттама	Дәлелдейтін ақпараттар (фото,
---	---------	-------------	-------------------	-------------------------------

БА БАҒДАРЛАМАСЫ			ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС	
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ			32 БЕТ	

				сілтеме және т.б.)
1				
2				
3				
4				
5				

Қолы _____ Почта: conservatory.pk@mail.ru

**«Қазіргі заманғы кәсіби музыкалық білім беру жағдайындағы
концертмейстер құзіреттері» бағдарламасы бойынша білім алушының
БАҒА ҚОЮ ПАРАҚШАСЫ**

Топ жетекшісі: _____

Оқу кезеңі: _____

Тыңдау шының аты- жөні	Формативті баға қою						Қорыты нды етстілеу	Қорытын ды орта баға	Сертифи кация бойынш а ұсыным дар
	Қатысу ы	Моду ль 1 (7 сағат)	Моду ль 2 (9 сағат)	Моду ль 3 (8 сағат)	Моду ль 4 (11 сағат)	Моду ль 5 (5 сағат)			
	10 балл	7 б.	9 б.	9 б.	11 б.	5 б.	50 балл	100 балл	Ұсыныл ады/ұсы нымай ды

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	33 БЕТ

		40 балл							
1									
2									
3									
4									
5									

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Автордың аты-жөні	Оқу-әдістемелік әдебиеттердің атауы	Басылымы, шыққан жылы
<i>Негізгі әдебиеттер</i>		
Визная И., Геталова О.	Аккомпанемент	СПб, 2009
Живов Л.	Подготовка концертмейстеров-аккомпаниаторов в музыкальном училище/ Методические записки по вопросам музыкального образования.	М., 1966
Крючков Н.	Искусство аккомпанемента как предмет обучения.	Л., 1961
Кубанцева Е.	Концертмейстерский класс.	СПб, 2002
Люблинский А.	Теория и практика аккомпанемента: методологические основы	Л., 1972
Мур Дж.	Певец и аккомпаниатор	М., 1987
Медеубаева С.М.	Сборник учебно-методических статей кафедры ансамблевого искусства	Алматы, 2022
Медеубаева С.М., Мухамеджанова С.В.	Аналитические подходы к работе концертмейстера: очерки	Алматы, 2023
Медеубаева С.М.	Сборник учебно-методических статей кафедры ансамблевого искусства	Алматы, 2024
Нейгауз Г.	Об искусстве фортепианной игры	М., 1967
Подольская В.	Развитие навыков аккомпанемента с листа. О работе оперного концертмейстера	М., 1974
Смирнова М	О работе концертмейстера	М., 1974
БА БАҒДАРЛАМАСЫ		ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ		34 БЕТ

Шендерович Е.	Об искусстве аккомпанемента.	М., 1969,
Шендерович Е.	В концертмейстерском классе. Размышления педагога.	М., 1996
Чачава В.	Искусство концертмейстерства.	СПб, 2007
Юдин А.	Концертмейстерское мастерство. Исторический и методический аспекты.	СПб, 2019

Қосымша әдебиеттер

және электрондық-бағдарламалық құралдар (аудио және видео материалдарға сілтеме)

Атауы	Электрондық ресурстарына сілтеме
Искусство пианиста-концертмейстера. Плей лист с канала М. Аркадьева	https://youtube.com/playlist?list=PLAndiov9VpYIU74IVIrF4sVgQcJFx6Y2f&si=odjAzeUyBNJ-DSu1
Мастер-класс Натальи Бельковой КПК вокального концертмейстера: компетентность, профессионализм, креативность Часть 1/4	https://youtu.be/01IJD5aVuMY?si=UQiQ_p2reYMI2-NH
Мастер-класс Натальи Бельковой КПК вокального концертмейстера: компетентность, профессионализм, креативность. Часть 2/4	https://youtu.be/ZsimVMFpYmY?si=BTpBz2wyxGCTUTxc
Мастер-класс Натальи Бельковой КПК вокального концертмейстера: компетентность, профессионализм, креативность. Часть 3/4	https://youtu.be/C89q87ht3XI?si=BqawdlFLtGWsQV0I
Мастер-класс Натальи Бельковой	https://youtu.be/oVqNC4RnrAc?si=jhfYRvIXGEXnM_tK

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	35 БЕТ

КПК вокального концертмейстера: компетентность, профессионализм, креативность. Часть 4/4	
Михаил Аркадьев. Искусство пианиста-концертмейстера	https://youtu.be/q2jGvAqNiR8?si=jpQmm8rQqBgCQHnc
Мастер класс для концертмейстеров Диляры Дмитриевой	https://www.youtube.com/live/a_Aj45Nn8K0?si=S6Z7HViakF5Bs9Tb
Семинар Михаила Аркадьева. Мастерство пианиста-концертмейстера. Вокальные циклы Свиридова	https://youtu.be/K1cEYmZMvfo?si=frjefCLamKRe1l7f
Ульянкина Дарья Дмитриевна: мастер-класс «Работа концертмейстера в классе духовых инструментов»	https://youtu.be/1rHojE3thvE?feature=shared
Николай Овчинников. Советы для концертмейстеров и вокалистов	https://youtu.be/5DjFLITo55s?si=B_MWn462G5gpsN8
Концертмейстерами рождаются? Разговор с профессором Е. Задонской о профессии концертмейстера-пианиста.	https://youtu.be/IIyKhsykfL0?si=o24unteEdAWhNTbI
Мастерство оперного концертмейстера. Открытый урок Ю. Керимовой - ст. преп. кафедры концертмейстерского мастерства БМА.	https://youtu.be/CITFPXINawo?si=UEEO1jDMSn8m-w75

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	36 БЕТ

Мастер-класс А. Кузнецова «Выразительные функции аккомпанемента. Фортепианная партия в романсах и клавирах опер»	https://youtu.be/WcPeFM5bIQ0?si=UTFR0E2vSJ0Xq9eh
Э.Шоссон. Поэма, ор.25 для скрипки и фортепиано (исполняют Я. Мавридис и Ш. Унгарова)	https://youtu.be/IJXpfUOqZvQ?si=vvXOrMUVTcEEU6S I
М. Тулебаев. Поэма для скрипки и фортепиано (исполняют Е. Сапарбаев и Ш. Унгарова)	https://youtu.be/_YHPGZZTABI?feature=shared
Е. Брусиловский. Романс для скрипки и фортепиано из сюиты Боз Айгыр(исполняют Е. Сапарбаев и Ш. Унгарова)	https://youtu.be/-hSqPs3-BOA?feature=shared
А. Жубанов. Ария для скрипки и фортепиано(исполняют Е. Сапарбаев и Ш. Унгарова)	https://youtu.be/Y3KpJ7dV2oo?feature=shared
М. Сагатов. Кюй для скрипки и фортепиано(исполняют К. Джумабаеваи Ш. Унгарова)	https://youtu.be/FWAau29ge94?si=uTcHRCTM5dwyHIlg
Концерт«Молодые концертмейстеры приглашают...»(пария фортепиано -студенты	https://youtu.be/O-Hg3iVEr-I?si=8eLAAHlBOgATkHE9

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	37 БЕТ

и магистранты кафедры «Ансамблевое искусство Казахской национальной консерватории им. Курмангазы)	
V Международный фестиваль камерной музыки, день 2. Сочинения композиторов Казахстана	https://youtu.be/ovI_XrW1EFA?si=CEyP0NPdruKV8wtD
Концерт кафедры Ансамблевого искусства КНК им. Курмангазы	https://youtu.be/6tm_8znWbiQ?si=Bh4vv5rKXlw3Vu4X
Дж. Пуччини. Ария E lucevanlestelle из оперы «Тоска»(исполняютБ. Б еркенови А. Отетлеу)	https://youtu.be/KiQ6WX25KZQ?si=cNtfckoDKwtMwg-m
К. Глюк. Мелодия из Орфея и Эвридики для флейты и фортепиано (исполняют Е. Кушанов и А. Отетлеу)	https://youtu.be/bLqyuakRoxc?si=lkUEysqdFVm6Rvd5
Концерт вокальной музыки (исполнители Е. Образцова В. Чачава)	https://youtu.be/p8JutWiKbzw?si=S-jZbj7Y0WZJq_gQ
Романсы и песни А. Даргомыжского.часть 1 (исполнители Е. Образцова и В. Чачава)	https://youtu.be/bSVENvysH0k?si=YZ5vmHWHBsbdMHuK
Романсы и песни А. Даргомыжского. часть 2 (исполнители Е. Образцова и В. Чачава)	https://youtu.be/mctXG5NDE1A?si=PV7T0xBI9i-nDz-h
Г. Свиридов Вокальная поэма Отчалившая Русь (исполнители	https://youtu.be/7bTxBscNvY0?si=T7Wlc6AmtH_jqiWI

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	38 БЕТ

Д. Хворостовский М. Аркадьев)	и	
----------------------------------	---	--

БА БАҒДАРЛАМАСЫ	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ	39 БЕТ